



Республикалық "Білім" баспасын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 25 қараша 1993 ж. N 1185

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің "Ана тілі" баспасының жоғары оқу орындары үшін әдебиеттер шығаратын редакциясының негізінде "Білім" баспасын құру туралы ұсынысы қабылдансын.

"Білім" баспасы жоғары, орта арнаулы оқу орындары және кәсіптік-техникалық училищелер үшін оқулық әдебиеттер шығарады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі